



**Педагогтер мен басшылардың  
кәсіптік және жеке өзін-өзі  
көтеруі үшін  
жағдай жасау**

# МУҒАЛІМ ЖЕТІСТІГІ



## **Алимова Айжан Шорабековна**

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Білім берудегі өзгерістің 1000 көшбасшысы» жобасы аясында мектеп басшыларының кадрлық резервін аяқтап, 2024 жылдың 05 наурызында А.Байтұрсынов атындағы № 211 орта мектептің директоры болып тағайындалды. Білім беру ұйымының тиімді басқарылуын қамтамасыз ету мақсатында директор кадрлық резерв бағдарламасынан және білім беру менеджменті мен пәндік біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Аталған курстар басқарушылық құзыреттерді жетілдіруге, стратегиялық жоспарлау, көшбасшылық, командалық менеджмент, кадрлық саясатты тиімді ұйымдастыру және білім беру сапасын арттыруға

бағытталған. Кадрлық резерв аясында директордың басқарушылық әлеуеті дамытылып, білім беру ұйымын жаңаша басқару, өзгерістерді енгізу, педагогтердің кәсіби дамуын қолдау және білім беру үдерісін нәтижеге бағыттау дағдылары қалыптастырылды. Сонымен қатар менеджмент және пәндік біліктілікті арттыру курстары барысында қазіргі білім беру үрдісіндегі инновациялық тәсілдер, цифрлық технологияларды қолдану, оқу-тәрбие процесін басқарудың заманауи модельдері және педагогикалық шешім қабылдаудың тиімді жолдары меңгерген. Білім беру ұйымының қызметін жүйелі ұйымдастырып, оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыруға бағытталған басқарушылық жұмыстарды тиімді жүзеге асырды. Ұжым жұмысын үйлестіру, стратегиялық жоспарлау, кадрлық саясатты жетілдіру және білім беру сапасын бақылау негізгі басымдық ретінде айқындалды. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында әдістемелік жұмыстар күшейтіліп, озық педагогикалық тәжірибені жинақтау, талдау және тарату жүйелі түрде жүргізілді. Білім беру саласындағы заманауи әдіс-тәсілдер мен инновациялық тәжірибелерді енгізу арқылы оқу процесінің тиімділігі артты. Сонымен қатар директор педагогикалық тәжірибені таратуға, шығармашылық бастамаларды қолдауға және білім беру ұйымының ашықтығын қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлді. Атқарылған жұмыстар білім беру ұйымының тұрақты дамуына және білім сапасының жоғарылауына ықпал етті.

# МУҒАЛІМ ЖЕТІСТІГІ



## **Абасилова Айман Жакановна**

А.Байтұрсынов атындағы №211 орта мектеп директорының бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші санатындағы мұғалім. «Үздік авторлық бағдарлама-2023» байқауының қалалық кезеңінің I орын, облыстық кезеңінің I орын, Республикалық кезеңінің II орын иегері.. Оқушылары «Дарын» Республикалық ғылыми жобалар байқауының облыстық кезеңінің жеңімпаздары

# МУҒАЛІМ ЖЕТІСТІГІ



## **Мизанбаева Роза Абитхановна**

**Зерттеуші санатындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Оқушылары Сағатова Фариза, Түгелова Арайлым, Құлымғали Назерке пәндік олимпиаданың қалалық кезеңінде бірнеше дүркін жеңімпаздары.**

**Оқу-ағарту министрлігінің “Құрмет грамотасымен” марапатталған. Облыс әкімінің “ Алғыс хатымен”, қала әкімінің “ Алғыс хатымен”, Қызылорда облысының білім басқармасы “Дарын” облыстық қосымша білім беру орталығы “Алғыс хат” иегері және бірнеше сертификаттармен марапатталған.**

# МУҒАЛІМ ЖЕТІСТІГІ



**Жолшораева Сауле Жакипбековна**

Зерттеуші санатындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі — еңбек жолында елеулі жетістіктерге жетіп, білім беру ұйымының абыройын арттырып жүрген ізденімпаз ұстаз. Шәкірттері қалалық, облыстық деңгейдегі мәнерлеп оқу байқауларында, пәндік олимпиадаларда, интеллектуалдық жарыстарда, сондай-ақ шығарма, эссе сайыстарында жүлделі орындарға ие болып келеді. Атап айтқанда, Жұмабек Раушан мен Төлебай Сымбат республикалық пәндік олимпиаданың қалалық кезеңінде жүлделі ІІ–ІІІ орындарға ие болды. Мектеп театр жобасы аясында бірнеше сахналық қойылымдар дайындалып, «Пай, пай, өмір, өтесің-ау бір күні» қойылымы облыстық байқауда жүлделі І орын иеленді. 10–11 сынып оқушыларынан құралған топ облыстық «Жауқазын жүрек» интеллектуалдық сайысында жеңімпаз атанып, 2025 жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне қарасты Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының Алғыс хатымен марапатталды. Ұстаз еңбегі облыстық білім басқармасының «Құрмет грамотасымен», «Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығының және қалалық білім бөлімінің Алғыс хаттарымен бағаланған.

# МУҒАЛІМ ЖЕТІСТІГІ



**Жайлханова Алтын Базарбайкызы**

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Санаты сарапшы педагог. Еңбек өтілі 21 жыл. Шәкірттері қалалық, облыстық мәнерлеп оқу сайыстарында, пәндік сайыстар мен интеллектуалды жарыстарға қатысып, жүлделі орындар иеленіп келеді. Облыстық білім бөлімінің Алғыс хатымен, қалалық білім бөлімінің Құрмет грамотасымен марапатталған. "Махамбет өлеңдері мен күйлері-руханият жаңғыру" атты республиқалық әдістемелік -практикалық конференциясында және "Білім беру жүйесіндегі жасанды интеллект: мүмкіндіктер мен тәуекелдер" атты конференцияларда іс- тәжірибе бөліскені үшін сертификаттары бар. Өзінің зерттеу жұмысындағы тыңдалым дағдысы бойынша оқушылардың қабілеттерін жүйелі түрде дамытып, олардың ақпаратты түсіну, талдау және дұрыс қорытынды жасау біліктерін қалыптастыруда жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді.

# МУҒАЛІМ ЖЕТІСТІГІ



**Қараева Гулназ Ниязбайқызы**

Сарапшы санатындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагогикалық еңбек өтілі – 20 жыл. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен I орын жүлдегерін дайындағаны үшін Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің Алғыс хатымен марапатталған. Сонымен қатар Қызылорда облыстық мәслихатының және Қызылорда облысының білім басқармасының Алғыс хаттарының иегері. Білім беру үдерісінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын, академиялық жазылым дағдыларын дамытуға басымдық береді. Оқушылары түрлі деңгейдегі олимпиадалар мен байқауларда жүлделі орындарға ие болып келеді.

# МУҒАЛІМ ЖЕТІСТІГІ



## Сейділдаева Жанат Сансызбайқызы

Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі “Үздік авторлық бағдарлама” байқауының 3 орын иегері, “Үздік педагогикалық идеялар панорамасы” байқауының 3 орын иегері

“Зерде” ғылыми жобалар байқауының республикалық кезеңі ІІ орын, Оқушысы Қонысбек Айару. “Өрлеу” біліктілікті арттыру орталығының ұйымдастыруымен “Педагогтердің кәсіби мүмкіндіктері мен тұлғалық қасиеттері” педагогтерді курстан кейінгі қолдау облыстық форумында тәжірибелік жұмыс ұсынғаны үшін “Алғыс хат”

# МУҒАЛІМ ЖЕТІСТІГІ



**Маханбетова Акерке Танатовна**

Педагог-модератор санатындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Жас болса да, кәсіби біліктілігі жоғары, шығармашыл әрі ізденімпаз ұстаз. Сабақ барысында заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолданып, оқушылардың білімге деген қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөледі. Ұстаз жетекшілігімен оқушылары жоғары нәтижелер көрсетуде: Серікбай Дидар «Есіңе мені алғайсың – 2025» байқауының Бас жүлде иегері, ал Сансызбай Сырым осы аттас қалалық байқаудың I орын иегері атанды. Шәкірттері үшін бағыт-бағдар беріп, сапалы білім мен тәрбие беруді мақсат еткен білікті педагог.